



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

“ 04 ” 04 2016 ж.г.

№ 134-0

Қызылорда қаласы

город Кызылорда

**Банкроттықты басқарушыны
босату туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 12-бабы 11-тармағына, 89-бабы 2-тармағы 17) тармақшасына, «Уақытша әкімшіні, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушыларды есепке алу, оңалтуды және банкроттықты басқарушыларды тағайындау және шеттету қағидаларын, сондай-ақ уақытша әкімшінің, оңалтуды, уақытша және банкроттықты басқарушылардың біліктілігін арттыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Орынбасары - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 28 сәуірдегі № 189 бұйрығының 15 тармағына және С.Т. Адиловтың банкроттықты басқарушы міндетінен өз еркі бойынша босату туралы 2016 жылғы 30 наурыздағы арызы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттықты басқарушы Адилов Сағынай Токжанович «Цой В.С.» ЖК-нің ЖСН540505301907 мүліктері мен істерін басқарудан өз еркімен босатылсын.

2. С.Т. Адилов үш жұмыс күні ішінде банкроттың құрылтайшылық құжаттарын, есепке алу құжаттамасын, банкроттың мүлкіне құқық белгілейтін құжаттарды, банкротқа тиесілі мөрлерді, мөртабандарды, материалдық және өзге де құндылықтарды жаңадан тағайындалған банкроттықты басқарушыға беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Борыштармен жұмыс басқармасының басшысы Б. Ақжігітке жүктелсін.

Департамент басшысы



С. Мұстафәев

002331